

2006 жылғы 20 маусымдағы № 1771 "Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын балаларды материалдық қамсыздандыруды тағайындау мен төлеудің ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Құшiн жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 20 шілдедегі N 356 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бородулиха ауданындағы Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 тамызда N 5-8-93 тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкім аппаратының 2012 жылғы 10 мамырдағы N 1207 хатымен

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкім аппаратының 2012.05.10 N 1207 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына 1 тармағының 14 тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 29 бабын, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңының 11 бабының 1 тармағын жүзеге асыру мақсатында Бородулиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын балаларды материалдық қамсыздандыруды тағайындау мен төлеудің ережесін бекіту туралы» Бородулиха аудан әкімдігінің 2006 жылғы 20 маусымдағы № 1771 қаулысына (2006 жылдың 28 маусымда № 5-8-27 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2006 жылғы 4 тамыздағы № 32 (6133) санында «Пульс района» газетінде жарияланған) келесі өзгертулер енгізілсін:

1) қаулы атауларындағы келесі «ережелер», «ереже», «ережелермен» тақырыптық сөздері «нұсқаулар», «нұсқау», «нұсқаулармен» сөздерімен **ө з г е р т і л с і н ;**

2) екінші тармақшасы «2009 жылдың 1 шілдеден бастап материалдық қамсыздандыру 13500 теңге сома мөлшерінде (ай сайын) белгіленсін» деп **ө з г е р т і л с і н ;**

3) қаулының 4-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын: «Осы қаулы Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і ;

4) тақырып бойынша «тәртібі» және «жағдайы» деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Қасымов